*Ф-ББ-004/005-1*

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ атындағы ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ**

**«БЕКІТЕМІН»**
**Академиялық мәселелер вице-ректоры**
**_____________________ Э.Қ.Идрисова**
**«19» __06__ 2025 ж.**

**ТІЛДЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ БОЙЫНША МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУ**
**бағыты бойынша**
**АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ**
**2024-2025 оқу жылында атқарылған**

**ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЕСЕБІ**

**Түркістан – 2025**

**2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚЫРКҮЙЕК-ҚАЗАН АЙЛАРЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР**

**1. АК жұмысы ұйымдастырылды, Ережелермен танысты, 2024-2025 оқу жылына жұмыс жоспары әзірленді.**

2024-2025 оқу жоспарына АК жұмысы ұйымдастырылып «Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау» бағыты бойынша АК жұмыс және мәжіліс жоспары әзірленіп, бекітілді, ережелермен таныстырылды.

**2. ББ бойынша 2024-2029 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарының мазмұны айқындалды.**

ББ бойынша 2024-2029 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарының мазмұнын айқындалған. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 2024-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы бекітілген. Университет сайтында жарияланған. Даму жоспарының бағыттары мен мақсаттары көрсетілген.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ

1. ТҰРАҚТЫ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ДАМУ

Мақсат 1.1. АЯУ корпоративтік басқарудың тұрақтылығын қамтамасыз ету

1.2. АЯУ имиджі мен беделін нығайту

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ 2. Академиялық үстемдікке қол жеткізу

Мақсат 2.1. Аймақтық, ұлттық және халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы дайындау үшін білім беру экожүйесін құру.

Мақсат 2.2. Тұлғалық даму үшін қолайлы жағдай жасау және білім алушылардың қоғамдық белсенділігін арттыру (3-миссия)

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ 3.Ғылыми-инновациялық әлеуетті арттыру

Мақсат 3.1. Зерттеу экожүйесін дамыту

Мақсат 3.2. Ғылыми ізденістердің нәтижелілігін арттыру.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ 4. КЛИНИКАЛЫҚ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҚТЫ ДАМЫТУ

Мақсат 4.1. Түркістан облысының тұрғындарына сапалы медициналық көмек көрсету

Мақсат 4.2. Жоғары медициналық білімі мен ғылымын дамыту

Сонымен қатар даму жоспарында білім беру бағдарламаларына қатысты басым бағыттар нақты көрсетілген.

7) Алдыңғы қатарлы стандарттарды енгізу және білім беру сапасын арттыру үшін Түркия мен әлемнің жетекші университеттерінің қатарынан серіктестер анықтау. Білім беру бағдарламаларының түрлі бағыттары бойынша Түркияның жетекші жоғары оқу орындарының оқулықтарын аудару. Бірыңғай желілік жалпы түркілік білім беру және ғылыми кеңістік құру жөніндегі идеяны Түркі Кеңесі деңгейіне жеткізу және университетті осы идеяны іске асыруда көшбасшы позициясында орнықтыру. Жаһандық білім беру бағдарламаларын бірыңғай ақпараттық жүйе мен деректер базасы арқылы дамыту, бұл қашықтықтан оқыту технологиясының көмегімен әлемнің кез келген нүктесінен қазақ, түрік, ағылшын және орыс тілдерінде білімге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Шетелдік серіктес жоғары оқу орындарымен, оның ішінде QS рейтингінің ТОП-700 қатарынан серіктес жоғары оқу орындарымен екі дипломдық және бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру жалғастырылатын болады.

Стратегиялық әріптес университеттермен бірлесіп кадрлар даярлаудың басым бағыттары бойынша қос дипломды, бірлескен білім беру бағдарламаларын енгізу.

8) Білім беру технологияларының трансфері (оқыту әдістемесі, Академиялық жетістіктерді бағалау, академиялық саясат және т.б., шетелдік тәжірибені ескере отырып, білім беру бағдарламаларын өзектендіру, ОҒҚ тәжірибесімен алмасу, ғылыми-зерттеу қызметі) қамтамасыз етіледі.

9) Білім беру бағдарламаларын ұдайы жаңарту мақсатында еңбек нарығын форсайт-зерттеу және жаңа кәсіптерге қажеттілікті болжау жалғастырылатын болады. Университет өңірлік кәсіп карталарын әзірлеуге қатысады.

10) Білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту және ЖОО түлегінің моделін жетілдіру негізгі құзыреттер мен еңбек нарығының жаңа сын-қатерлерін ескере отырып жүзеге асырылатын болады.

11) Білім беру процесіне ECTS қағидаттарын одан әрі енгізу және академиялық еркіндікті кеңейту жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

12) Өңірдің кәсіпорындарымен ынтымақтастық жоғары оқу орнының кадрлар даярлаудың барлық бағыттары бойынша ұдайы кеңейтілетін болады. Білім беру бағдарламаларын әзірлеуге бизнес өкілдері мен жұмыс берушілерді тарту, сондай-ақ білім беру процесін ғылыми қызметпен интеграциялау жалғастырылатын болады.

13) Кәсіптік стандарттар негізінде инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеу және өзектендіру және кәсіптік стандарттар мен кәсіптердің өңірлік карталарын ескере отырып, барлық білім беру бағдарламаларын өзектендіру жалғастырылатын болады.

**3. ББ біліктілік талаптарының 5-қосымшаға сәйкестігіне мониторинг жүргізілді.**

6В015 - Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау ғылыми дәрежелілік % - 58,18%, 7В015 - Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау ғылыми дәрежелілік % -89,47%, 8В015 - Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау ғылыми дәрежелілік % -100,00% көрсеткіштерін көруге болады. ББ біліктілік талаптарына ОПҚ құрамының сәйкес екендігі анықталды.

## 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚАРАША-ЖЕЛТОҚСАН АЙЛАРЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

**1. 2024-2025 оқу жылына ББ аудиттері және шешімдері қабылданды (қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу)**

2024-2025 оқу жылына ББ аудиттері және шешімдерін қабылдау (қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу) мәселесі қарастырылды.

«Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау» бағыты бойынша барлық ББ талапқа сай жасалынған. Қазіргі уақытта қолданыстағы В018-Шет тілі мұғалімдерін даярлау, 6В01718, 6В01728 (IP) – Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және қытай тілдері), 6В01719, 6В01729 (IP) – Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және түрік тілдері), 6В01791-Ағылшын тілі, 6В01726 Қазақ тілі мен әдебиеті (IP), 6В01724 Орыс және орыс емес тілдерде оқытатын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті (IP), 7М01708 - Шетел тілі: екі шетел тілі; 7М01738 - Орыс тілі мен әдебиеті, 8D01713 - Шетел тілі: екі шетел тілі білім беру бағдарламалары жалпы мазмұны талаптарға сай және өзектілігін жоғалтпаған, қолданыста қалады. 7М01737 - Қазақ тілі мен әдебиеті, 8D01705 - Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдардамаларына жаңа пәндер енгізіліп, ұсынылды.

Сонымен қатар, университетіміз ayu.edu.kz порталынан Platonus 6.0 жүйесіне ауысу жұмыстарын байланысты, жүйеде инновациялық (IP) ББ қолданыстағы ББ-мен бірдей шифрмен енгізілген. Алайда Platonus 6.0 жүйесінде бірдей шифрмен екі ББ қабылдау мүмкіндігі қарастырылмағандықтан, төменде көрсетілген инновациялық ББ шифрін https://epvo.kz/ да төмендегіше ауыстырылды. Барлық құжаттамаларда ББ шифрін сәйкесінше өзгерістермен төмендегідей толтырылды:

1. 6В01718 Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және қытай тілдері),- 6В01728;
2. 6В01719 (IP) – Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және түрік тілдері)- 6В01729
3. 6В01716 Қазақ тілі мен әдебиеті (IP)- 6В01726
4. 6В01714- Орыс және орыс емес тілдерде оқытатын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті (IP),- 6В01724

**2. ББ сапасын жақсарту мақсатында ББ-ның күшті және әлсіз жақтарын бағалау (SWOT талдау), жақсарту ұсыныстары қарастырылды.**

ББ сапасын жақсарту мақсатында ББ-ның күшті және әлсіз жақтарын бағалау (SWOT талдау), жақсарту ұсыныстары бойынша қарастырылды.

**SWOT – талдау**

В018-Шет тілі мұғалімдерін даярлау, 6В01718, 6В01728 (IP) – Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және қытай тілдері), 6В01719, 6В01729 (IP) – Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және түрік тілдері), 6В01791-Ағылшын тілі білім беру бағдарламалары бойынша:

**Күшті жақтары:**

1. Контингенттің жоғарылығы
2. Материалды база заман талабына сәйкес
   Бітіруші түлектер еңбек нарығында сұраныcқа ие
1. Болашақ бағдарламасының стипендияттары - 4 ОПҚ
2. Түркияда PhD дәрежесін алған - 3 ОПҚ
3. Ағылшын тілі пәні оқытушыларының біліктілік дәрежесін анықтайтын TKT Cambridge сертификат иегерлерінің саны- 11
4. АҚШ елшілігі тарапынан қаржыландырылатын грант иегері E-Fellow 2020-2021 оқу жылынан бері дәріс жүргізеді
5. Кафедра ПОҚ-ның педагогикалық және кәсіби біліктілігін үздіксіз жетілдіруі

**Әлсіз жақтары**

1. Материалды база заман талабына сәйкес емес
2. Кафедраның ғылыми дәрежелігінің төмендігі – 51,5
3. Ғылыми жетекшілік үшін біліктілік талаптарының жоғарылауы

**Қауіп:**

1. Жылдан жылға контингент санының көбейюінің кафедра ғылыми дәрежелігінің төмендеуіне әсері
2. ББ бітірушілері санының артуына байланысты жұмыспен қамтылуының қиындауы

**Мүмкіндіктер**

1. Академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асырылуы;
2. Ағылшын және түрік тілдерінен дәріс жүргізу мүмкіндігі;
3. Аударма,Туризм, сауда-саттық салаларында жұмысқа орналасуы;
4. Шетелдің ЖОО мен қос диплом бағдарламасының жүзеге асырылуы;

**ББ жақсарту ұсыныстары**

1) Шетелдік университеттермен бірлескен оқу бағдарламаларын жасауды қарастыру. (Түркия Республикасы, Ерзурум қаласы, Ататүрк университетінің Ағылшын тілін оқыту ББ бағдарласы)
2) Европалық ғалымдармен коллаборацияны күшейту мақсатында Хорватия Республикасы Загреб Университетімен келісімшарт жасау.
3) Отандық және шетелдік ғылыми дәрежелі оқытушыларды тарту: Университеттің өкілетті кеңесі тарапынан Түркия Республикасының университеттерінен бір доцент, 2 PhD оқытушы шақыру жоспарлануда.
4) ҰБТ (Ұлттық біліктілік тесті) нәтижесін жақсарту мақсатында семинарлар, воркшоп, тренингтер ұйымдастыру жөнінде мәлімет берді.

**6В01726- Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша:**

**S (strenght) Күшті жақтары**

- ПОҚ дәрежелілігінің жоғары деңгейі;
- ЖОО үздік оқытушылары санының жыл сайын артуы;
- Гранттық қаржыландырылатын жоба бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүргізілуі;
- Сыртқы академиялық ұтқырлықтың жоғары деңгейі.

**W (weakness)–Әлсіз жақтары**

- Шет тілдерін меңгерудің әлсіз деңгейі;
-Шетелдік ЖОО-лармен байланыстың әлсіздігі;
-Түлектерді жұмысқа орналастырудың төмен пайызы;
-Үш сатылы білім беру мүмкіндігінің төмендігі (бакалавриат, магистратура, докторантура).

**Барлық ББ-лар бойынша**

O (opportunity) Мүмкіндіктері

• Университеттің білім беру қызметтеріне әлеуетті сұраныстың болуы;
• Білім беру қызметі нарығындағы қолайлы бәсекелес ортаның болуы;
• Білім беру қызметі мен түлектердің бәсекеге қабілетті болуы;
•Халықаралық білім беру ұйымдарының, шетел ЖОО-ның ынтымақтастығына қызығушылығының болуы;
• Аймақта туризмнің дамуы;
• Шетелде магистратура және докторантура бағдарламасы бойынша білімдерін жетілдіруі.
- халықаралық ынтымақтастықты дамыту мүмкіндіктері;
- түлектердің еңбек нарығында сұранысқа ие болуы;
- талапкерлердің ББ-ға қызығушылығының өсу үрдісі;
- ПОҚ-тың ғылыми-гранттық байқауларға қатысуын арттыру.

**T(threat) Қауіп-қатер**

• Технологияның дамуына байланысты тілді өз бетімен үйреніп, мамандарға деген сұраныстың азаюы;
•Сыртқы ортаның өзгеру динамикасы (әлеуметтік-экономикалық ахуал, демографиялық жағдай);
• Тұрғындар табысының тұрақсыздығы;
• Мемлекет және халық тарапынан сұраныстың төмендеуі.
- Білім беру нарығындағы бәсекелестіктің жоғары болуы.
- Қазақстан бойынша өңірде орташа жалақының төмендігі.

**ББ сапасын жақсарту ұсыныстары:**

1.Халықаралық ынтымақтастықты нығайту.
2.Бірлескен білім беру бағдарламасын дайындау.
3.Ғылыми жобалар дайындау бойынша біліктілігін арттыру.
4.Жас білікті кадрларды тарту.
5.Бейіндік пәндер бойынша ғылыми, оқу, әдістемелік әдебиеттер қорын көбейту.
6.ОПҚ және студенттердің академиялық ұтқырлық көрсеткіштерін арттыру.
7.ОПҚ-ның шет тілдерін меңгеру деңгейін көтеру.
8.ОПҚ-ның шетелде тәжірибе алмасу мен біліктілігін арттыру.

## 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚАҢТАР-НАУРЫЗ АЙЛАРЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

**1. ББ-ның 2024-2025 оқу жылындағы білім беру бағдарламаларының рейтингісіне (Атамекен, НААР, НКАОКА) қатысу нәтижелері және оқу жылында қол жеткізетін нәтижелері талданды.**

Білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебін беру қарастырылды.

6В01719-Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және түрік) білім беру бағдарламасының рейтингін есептеу кезінде ірі үш көрсеткіші бойынша нәтижесі:

1. Түлектердің мансаптық болашағы бойынша бағасы (жұмысқа орналасу деңгейі, медиандық жалақысы, жұмыс іздеу ұзақтығы есептеледі) - 1,42 %
2. ББ сапа көрсеткіштері (ББ әзірлеу/жұмыс берушілермен келісу, ПОҚ практикалық жұмыс тәжірбиесі, ПОҚ жетістіктері, ББ акредиттеу, ББ мазмұнын бағалау)- 0,49%
3. ББ жетістіктер бойынша бағасы (магистратурада оқуды жалғастырған түлектер саны, академиялық ұтқырлық, шетелдік студенттер үлесі, ББ-ға түскен талапкерлердің ҰБТ-ның орташа балы ескеріледі) – 0,18 %

**1. Түлектердің жұмысқа орналасуы пайызының төмендігі (59%) бірнеше себептермен түсіндіріледі:**

1. 6В01719-Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және түрік) білім беру бағдарламасы бойынша түлектер саны өте көп;
2. Магистратураға түсу үшін екінші мәрте өткізілетін кешенді тестілеуге қатысады;
3. Жеке кәсіппен айналысуда және қызмет көрсету салалында еңбек етуде;
4. Түлектердің көпшілігі қыз баласы болғандықтан отбасын құрып, бала күту демалысында болады және жұмыс істеуіне отбасы мүшелері тыйым салады (15 түлек бала күту демалысында, ол түлектердің 11,62% пайызын құрайды, 27 түлек магистратурада оқуын жалғыстырған, ол түлектердің 20,93% пайызын құрайды);
5. Түлектердің ата-анасы басқа өңірлердегі бос жұмыс орындарына барып қызметке тұруына қарсы болады.

**2. ББ сапа көрсеткіштері бойынша бағасы**

Бұл көрсеткіш ішінде жұмысберушілермен бірлесе дайындалған ББ ескеріледі, сондай-ақ, аккредитация нәтижелері, ПОҚ практикалық жұмыс тәжірбиесі, ПОҚ жетістіктері ескерілді.

1.ББ бойынша дәріс жүргізетін ПОҚ арасында «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы», «Үздік ғылыми қызметкер» иегерлері жоқ;

2.ББ бойынша дәріс жүргізетін ПОҚ арасында IELTS, TOEFL сертификат игерлері жоқ. Кафедра дайындайтын ББ педагогикалық бағытта болғандықтан, кафедра оқытушыларында ТКТ (Teaching Knowledge Test) сертификаттары бар.

**3. ББ жетістіктер бойынша бағасы**

Бұл жерде академиялық ұтқырлық, білім алушылардың ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары, түлектердің магистратурада білімін жалғастыруы, ББ-ға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы, шетелдік студенттердің үлесінің көрсеткіштері ескеріледі.

6В01719-Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және түрік) білім беру бағдарламасының білім алушылары академиялық ұтқырлық бойынша бағдарламаларға белсене қатысқанмен Start-up жобалары қатысу көрсеткіші өте төмен (академиялық ұтқырлық бағдарламасымен оқып келген студент саны -12, ол ББ бойынша жалпы студенттердің 2,43 пайыз үлесін құрайды (жалпы 493 студент). Сонымен қатар, ББ бойынша шетелдік студенттер саны азайған (ББ бойынша 20 шетелдік студент, ол студенттердің 4,05% пайызын құрайды), ББ-ға шартты ақылы бойынша шекті балл жинай алмаған талапкерлер қабылданылады (шартты ақылы қабылданған талапкерлер балы 40-63 балл аралығында). Бітірушілерге «Жастар практикасы» бағдарламасы туралы таныстырып, бағдарлама бойынша тіркелу ережелерін түсіндіру; Бітірушілердің «Enbek» электронды биржасына өтініш беруін қадағалау.2023-2024 оқу жылы бойынша жауапты оқытушылар түлектермен хабарласып, жұмысқа орналасу мәліметтері жаңартылып тұрады деп ұсынысын білдірді.

6В01726-Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының рейтингтегі орны 2025 ж. мәліметі бойынша БББ рейтинг нәтижелері 27/34, мансап перспективасы бойынша 1,27; білім алушылардың жетістіктері 1,27; білім беру бағдарламасының сапа көрсеткіші 0,60; ЖОО жалпы көрсеткіші 0,36, жұмысқа орналасу 47%, жұмыс іздеу ұзақтығы- 3,88.

6В01727-Орыс тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының рейтингтегі орны 2025 ж. мәліметі бойынша БББ рейтинг нәтижелері 15/23, мансап перспективасы бойынша 1,56; білім алушылардың жетістіктері 1,23; білім беру бағдарламасының сапа көрсеткіші 0,69; ЖОО жалпы көрсеткіші 0,34; жұмысқа орналасу 64%, жұмыс іздеу ұзақтығы- 3,57; экспорт-0,69.

**2. Әзірленген, жаңартылған ББ-ны Реестрге енгізілді.**

6В017- Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы қосымшалары негізінде талдау жасалып, өзгерістер болған жағдайда ұсыныс беру қажеттілігі айтылды. 6В017- Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламаларына ендіргелі тұрған өзгерістер білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік дамуына жетекші роль атқарады, сондай-ақ оны әрі қарай айқындай түседі.

Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша 6В01724- Орыс және орыс емес тілдерде оқытатын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті (ІР), 6В01726-Қазақ тілі мен әдебиеті (ІР) білім беру бағдарламаларының мазмұнына сәйкес силлабустардағы пән жоспарына өзгерістер енгізілді.

7М01737 - Қазақ тілі мен әдебиеті, 8D01705 - Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламалары бойынша пәндерге өзгерістер енгізіліп, Реестрге тіркелді.

**3. 6В01726-Қазақ тілі мен әдебиеті (ІР), 6В01724- Орыс және орыс емес тілдерде оқытатын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті (ІР), 6В01719-Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және түрік) білім беру бағдарламаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы негізінде жасалған талдау нәтижесі алынды.**

3.1 6В01726-Қазақ тілі мен әдебиеті (ІР) білім беру бағдарламасына сәйкес талдау нәтижесі және силлабустардың мазмұны өзгертілді.

3.2 6В01724- Орыс және орыс емес тілдерде оқытатын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті (ІР) білім беру бағдарламасына сәйкес талдау нәтижесі және силлабустардың мазмұнын өзгертілді.

3.3 6В01719-Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және түрік) білім беру бағдарламасына ешқандай өзгеріс енгізілген жоқ.

Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына сәйкес силлабустар мазмұнын талданды. Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына сай, 35-36-қосымшалар үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұны бойынша қосымшалармен таныстырылды, талқыланды, нәтижесінде төмендегідей ұсыныстар жасалды:

2 және 3- курстарға арналған 2022, 2023 оқу жылдарындағы 6В01716-Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламалары толық сәйкес келеді. Ешқандай өзгеріс жоқ, сол күйі қалдырылды.

1-курстардағы Педагогикалық білім беру бағыты бойынша ББ бағдарламасының 6В01726-Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы (ІР) 399 бұйрықтың типтік оқу бағдарламасына сәйкестендіру жұмыстары жүргізілді. 5-11 сыныптар бойынша өтілетін тақырыптардың пәндерге сәйкестігі қарастырылды. «Қазақ тілі» пәні бойынша өзгерістер жоқ. Алайда, «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша кейбір пәндердің ішінара пән атауларының сәйкес келмейтіндігі байқалды, сол себепті төмендегідей ұсыныстармен 2024 жылдың 6В01726-Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы (ІР) бойынша ішінара өзгерістер енгізуге ұсыныстар берілді:

1-ұсыныс: 2024 жылдың 6В01726-Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы (ІР) бойынша 2- курстың 4- семестріндегі Пәндік компонент, Әдебиет теориясы мен тарихы модулі: «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті және оқыту негіздері» пәніне 9 кредит берілген, пәнді мектеп бағдарламасына сәйкестендіру мақсатында ішінара екіге бөлу: 1- «ХХ ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ әдебиеті (1900-1960) және оқыту негіздері» 5 кредитпен; 2- «ХХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеті (1960-1990) және оқыту негіздері» (4 кредитпен) ұсынылады.

2- ұсыныс: 2024 жылдың 6В01726-Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы (ІР) бойынша 2- курстың 5- семестріндегі Таңдау компоненттерін көрсетілген «Көркем шығарманы герменевтикалық талдау», «Аталым теориясы және мәтін құру негіздері», «Тілдік кеңістік және қазақ тілі экологиясы» (4 креттік) пәндерін Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығының 35-36-қосымшалар үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұнына сәйкес келмегендіктен ол пәндердің атауын басқа пәндермен алмастыру: «Әлем әдебиеті және оқыту жүйесі», «Сөз мәдениеті және оқыту негіздері», «Жасанды интелект, мультимедиялық технологиялар арқылы қазақ тілін оқыту пәндері» енгізу ұсынылып отыр. Сондықтан силлабус мазмұнын да қайта жаңартуды талап етілді.

3-ұсыныс: 2024 жылдың 6В01726-Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы (ІР) бойынша 3- курстың 5- семестіріне «Әлем әдебиеті және оқыту жүйесі» пәнінің

орнына: «Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиеті (1991 жылдан бері) және оқыту негіздері» пәнінің атау.

4-ұсыныс: 2024 жылдың 6В01726-Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы (ІР) бойынша 4- курстың 7- семестіріне «Қазіргі қазақ әдебиеті және оқыту жүйесі» пәнінің атауы ішірана ғана өзгеріс енгізу туралы ұсыныс жасалды: «Қазіргі қазақ әдебиеті (2010-2025) және оқыту негіздері» деп пәннің атауын өзгерту.

6В01729-Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және түрік) білім беру бағдарламалары Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына толық сәйкес келеді.Өзгеріссіз қалдырылды.

6В01727-Орыс тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламаларының 1 курста бұл білім беру бағдарламасы бойынша студент қабылданбаған, 2023 оқу жылы (2 курс), 2022 оқу жылы (3 курс) 2021 оқу жылында (4 курс) жасалынған білім беру бағдарламаларында өзгерістер жоқ. 6В01764-Орыс тілінде оқытпайтын мектепте орыс тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша 1 курс жоқ, 2 курс, 3 курс, 4 курс сәйкес. 6В01724- Орыс және орыс емес тілдерде оқытатын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасында (ІР) орыс тілі бойынша өзгерістер жоқ. Орыс әдебиеті бойынша қамтылмаған тақырыптар кездесті, сондықтан 2024 оқу жылындағы білім беру бағдарламасының таңдау компонентіндегі Көркем мәтіннің герменевтикалық талдауы пәнінің орнына Салыстырмалы әдебиеттану деген пәнді енгізіп, жаңартылды.

Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына сәйкес силлабустар мазмұнын жасақталу және тізім бойынша жауапты оқытушыларға жауапкершілік тану керектігін ескертті.

## 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ СӘУІР-МАУСЫМ АЙЛАРЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

### 1. Сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедураларды нәтижелерін талданды.

6В017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша оқытылатын 6В01726-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6В01764-Орыс тілінде оқытпайтын мектепте орыс тілі мен әдебиеті, 6В01729-Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және түрік), 7М01737 - Қазақ тілі мен әдебиеті, 8D01705 - Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламалары бойынша сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедуралары нәтижелері оң әсерін тигізеді. Университеттің ішкі сапа жүйесімен тығыз байланыста жүзеге асырылатын сыртқы сапа бақылау механизмдері тәуелсіз аккредиттеу агенттіктерімен, атап айтқанда, Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі арқылы жүзеге асырылады. Сапаны сырттан қамтамасыз ету жүйелі және жоспарлы түрде асырылады. Әрбір ББ бойынша кафедраларда өзіне жүктелген міндеттер нақты айқындалып, сол бойынша осы үдеріс нәтижелі жұмыс атқарылуда.

6В017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша білім беру сапасын арттыру үшін келесі маңызды бағыттарға ерекше назар аудару қажеттігі анықталды: студенттердің оқу тәжірибесін жетілдіру және практикаға бағыттау, оқытушылардың педагогикалық шеберлігін үздіксіз арттыру, білім алушылардың пікірін жинақтап, оларды оқу үдерісіне тиімді енгізу. Білім беру сапасын арттыру – бұл үздіксіз және жан-жақты жетілдіріп отыратын үрдіс.

6В017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша аккредиттеу мен постмониторинг бойынша есепті дайындаудың маңыздылығын түсіндірді. Есептің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптардың қатаң сақталуы керек екенін, бұл құжаттың сапаны дәлелдейтін маңызды құжат. Есепті дайындау барысында постмониторинг нәтижелері, академиялық мазмұнның өзектілігі, білім алушылардың жетістіктері, оқытушылар құрамы, материалдық-техникалық база, сондай-ақ білім беру үдерісінің ұйымдастырылуы жан-жақты қарастырылуы қажет.

6В017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша 8D01705 - Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламалары білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттіктің бағдарламалық аккредиттеу стандарттарының өлшемдеріне сәйкестігі анықталып, аккредиттелді, бес жылға лицензияланды. Әрбір білім беру бағдарламалары оқу үдерісінің талабына сай қайта қарастырылды, кейбір пәндердің сипаттамасы, оқыту нәтижелері өзгертілді. Жаңартылған ББ-лар сарапшыларға жіберіліп, ескертулермен жұмыс жүргізіліп, қайта тіркелді. Кейбір ББ кейбір пәндерге толықтырулар мен өзгертулер енгізілді, реестрге тіркелді.

Білім беру бағдарламаларының мазмұные еңбек нарығының сұранысына сәйкестендіру, түлектердің кәсіби құзыреттілігн арттыру және оларды тәжірибелік дағдылармен қамтамасыз ету қажеттілігі ерекше назарға алынды. Сонымен қатар, жұмыс берушілер тарапынан ұсынылған нақты бастамалар мен ұсыныстардың білім беру мазмұнын жаңартудағы маңыздылығын баса көрсетті.

**2. Білім алушылардың БББ мазмұны туралы хабардар болу және оқыту нәтижелерімен қанағаттану деңгейін анықтау бойынша сауалнама нәтижесін талдау (2024-2025 оқу жылы)**

Келесі кезекте білім алушылар арасында БББ мазмұны туралы хабардар болу және оқыту нәтижелерімен қанағаттау деңгейін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнама келесі сұрақтарды қамтыды (кесте 1):

Кесте 1. білім алушылар арасында БББ мазмұны туралы хабардар болу және оқыту нәтижелерімен қанағаттау сауалнама сұрақтары

| |
|---|
| 1. Білім беру бағдарламасының (БББ) атауы/ |
| Наименование образовательной программы |
| 2. Өзіңіздің білім алып жатқан білім беру бағдарламасы жайында хабарыңыз бар ма? /Владеете ли Вы информацией о вашей образовательной программе? |
| 3. БББ мақсаты / Цель ОП |
| 4. Берілетін дәреже / Присваиваемая степень |
| 5. Кәсіби қызметтің функциялары мен түрлері / |
| Функции и виды профессиональной деятельности |
| 6. Жалпы құзыреттер қанша оқыту нәтижесін қамтиды? / |
| Сколько результатов обучения содержат общие компетенции? |
| 7. Кәсіби құзыреттер қанша оқыту нәтижесін қамтиды? / |
| Сколько результатов обучения содержат профессиональные компетенции? |
| 8. Арнайы құзіреттер қанша оқыту нәтижесін қамтиды? / |
| Сколько результатов обучения содержат специальные компетенции? |
| 9. Жалпы білім беретін пәндер циклі неше кредиттен тұрады?/ |
| Сколько кредитов содержит цикл общеобразовательных дисциплин? |
| 10. Базалық және бейіндеуші пәндер циклі неше кредиттен тұрады?/ |
| Сколько кредитов содержит цикл базовых и профилирующих дисциплин? |
| 11. БББ-да практиканың неше түрі бар?/ |
| Сколько видов практик в ОП? |
| 12. «Философия» пәні қай компонентке жататынын анықтаңыз?/ |
| Определите к какому компоненту относится дисциплина «Философия»? |
| 13. «Қаржылық сауаттылық» пәні қай компонентке жататынын анықтаңыз?/ |
| Определите к какому компоненту относится дисциплина «Финансовая грамотность»? |
| 14. «Түрік тілі» пәні қай компонентке жататынын анықтаңыз?/ |
| Определите к какому компоненту относится дисциплина «Турецкий язык»? |

| |
|---|
| 15. Сіздің БББ-да неше элективті пән бар?/ Сколько элективных дисциплин в вашей ОП? |
| 16. БББ-да берілген оқу нәтижелері сізді қанағаттандырады ма, әлде болашақ мұғалім үшін олар жеткіліксіз деп санайсыз ба?/ |
| Удовлетворены ли Вы предоставленными в ОП результатами обучения или же считаете их недостаточными для будущего учителя? |
| 17. БББ-да көрсетілген пәндер тізімі сізді қанағаттандыра ма?/ |
| Удовлетворены ли Вы перечнем дисциплин, указанных в ОП? |
| 18. Көрсетілген оқу нәтижелерінің қайсысы болашақ мұғалім үшін көбірек қажет?/Какой из перечисленных результатов обучения наиболее необходим будущему учителю? |

Факультет бойынша 4 курстан өз еріктерімен 244 білім алушы қатысты. Демографиялық мәлімет 2-ші кестеде көрсетілген:

Кесте 2. Қатысушы білім алушылардың мәліметі

| курс | саны | % |
|---|---|---|
| 1 курс | 81 | 33,2 |
| 2 курс | 48 | 19,7 |
| 3 курс | 57 | 23,4 |
| 4 курс | 58 | 23,8 |
| Барлығы | 244 | 100,0 |

Факультет бойынша барлығы 244 білім алушы сауалнамаға қатысты.




*Диаграмма 1.* Қатысушы білім алушылардың мәліметі

Сауалнамаға барлығы 244 білім алушы қатысқан. Курстар бойынша қатысушылардың саны мен пайыздық үлесі мынадай:

- 1 курс – 81 студент (33,2%). Бұл ең көп қатысқан топ болып табылады. Бұл көрсеткіш 1 курс студенттерінің оқу процесі мен бағдарламасына қызығушылығы жоғары екенін, сондай-ақ оқу сапасына қатысты пікір білдіруге бейімділігін көрсетеді.

- 2 курс – 48 студент (19,7%). Қатысушылар саны жағынан бұл екінші курс студенттері салыстырмалы түрде аздау үлес көрсеткең.

- 3 курс – 57 студент (23,4%). Бұл топтың үлесі 2-курспен салыстырғанда жоғары, әрі оқу бағдарламасына деген қызығушылығы тұрақты екенін көрсетеді.

- 4 курс – 58 студент (23,8%). Бітіруші курс студенттерінің де қатысу үлесі жоғары. Бұл олардың кәсіби дайындық деңгейіне, болашақ мамандығына байланысты оқу нәтижелеріне деген ерекше қызығушылығын білдіреді.

Сауалнамада көрсетілген сұрақтардың ББ оқыту нәтижелеріне қанағаттану деңгейіне қатысты сұрақтар төменде берілген.

*БББ-да берілген оқу нәтижелері сізді қанағаттандырады ма, әлде болашақ мұғалім үшін олар жеткіліксіз деп санайсыз ба?/Удовлетворены ли Вы предоставленными в ОП результатами обучения или же считаете их недостаточными для будущего учителя?*

Кесте 3. Сауалнаманың 16 -шы сұрағы бойынша нәтиже

| Жауап түрлері | Саны | % |
|---|---|---|
| мүлдем қанағаттандырмайды | 7 | 2,9 |
| аз қанағаттандырады | 7 | 2,9 |
| жартылай қанағаттандырады | 35 | 14,3 |
| қанағаттандырады | 110 | 45,1 |
| толығымен қанағаттандырады | 85 | 34,8 |




*Диаграмма 2.* Сауалнаманың 16 -шы сұрағы бойынша нәтиже

1) Мүлдем қанағаттандырмайды жауабын таңдаған білім алушылар (2,9%) құрады. Бұл категориядағы білім алушылар оқу бағдарламасының нәтижелері олардың кәсіби дамуына толық сәйкес келмейді деп санайды. Олар болашақ мұғалімдер үшін оқу бағдарламасының жеткіліксіз екенін немесе кәсіби дағдыларды дамытуға қажетті деңгейде білім берілмегенін айтуы мүмкін.

2) Аз қанағаттандырады (2,9%) – бұл топтағылар оқу нәтижелері тек аз дәрежеде қанағаттандырады. Олар бағдарламаның кейбір аспектілерін маңызды деп есептесе де, жалпы алғанда, болашақ мұғалімдер үшін білім алушыларға жеткілікті деңгейде дайындық берілмегендігін сезінуі мүмкін.

3) Жартылай қанағаттандырады (14,3%) – бұл санаттағылар оқу бағдарламасының нәтижелері білім алушылардың белгілі бір талаптарын қанағаттандырса да, жетілдіру немесе қосымша білім мен дағдылар қажет екенін түсінеді. Олар бағдарламаның бірқатар аспектілерін қанағаттанарлық деп санайды, бірақ оның толыққанды болашақ мұғалімдер үшін жеткіліксіз екендігін де мойындайды.

4) Қанағаттандырады (45,1%) – бұл санаттағылар бағдарламаның нәтижелерін негізінен қанағаттанарлық деп бағалайды. Олардың айтуынша, бағдарламаның түлектерді дайындау деңгейі жақсы, бірақ кейбір ұсақ-түйек мәселелер мен толықтырулар қажет болуы мүмкін.

5) Толығымен қанағаттандырады (34,8%) – бұл білім алушылардың көбі оқу бағдарламасының нәтижелеріне толығымен қанағаттандырады, яғни олар болашақ

мұғалімдердің кәсіби дайындығы жоғары деп санайды. Олар бағдарламаның барлық аспектілерін жақсы ұйымдастырылған және тиімді деп бағалайды.

Жалпы, білім алушылардың 79,9% (45,1% + 34,8%) оқу бағдарламасының нәтижелерімен қанағаттанса да, 17,1% (2,9% + 2,9% + 14,3%) өз деңгейінде жетілдіру қажеттілігін атап көрсеткен. Бұл нәтижелер бағдарламаның түлектерді кәсіби дайындауда негізінен жақсы нәтиже бергенін, алайда кейбір жетілдірулер қажет екенін көрсетеді.

*БББ-да көрсетілген пәндер тізімі сізді қанағаттандыра ма?/ Удовлетворены ли Вы перечнем дисциплин, указанных в ОП?*

Кесте 4. Сауалнаманың 17-ші сұрағы бойынша нәтиже

| Жауаптар түрі | Саны | % |
|---|---|---|
| мүлдем қанағаттандырмайды | 12 | 4,9 |
| жартылай қанағаттандырады | 43 | 17,6 |
| қанағаттандырады | 111 | 45,5 |
| толығымен қанағаттандырады | 78 | 32,0 |




*Диаграмма 3.* Сауалнаманың 17-ші сұрағы бойынша нәтиже

17 сұрақ нәтижелері талданғанда білім алушылардың пәндер тізіміне жалпы оң көзқараста екенін көрсетті:

1) «Толығымен қанағаттандырады» деп жауап бергендер – 78 білім алушы (32,0%). Бұл пәндер мазмұны мен құрылымы студенттердің күткен талаптарына толықтай сәйкес келетінін көрсетеді.

2) «Қанағаттандырады» деген жауапты 111 студент (45,5%) таңдаған. Бұл – ең жоғары үлес, яғни көпшілік студенттер пәндер тізімін негізінен қанағаттанарлық деп бағалайды.

3) «Жартылай қанағаттандырады» деген жауапты 43 білім алушы (17,6%) берді. Бұл пәндер тізімінде кейбір толықтырулар немесе өзгерістер қажет дегенді меңзейді.

4) Ал «Мүлдем қанағаттандырмайды» деп көрсеткендер – 12 студент (4,9%). Бұл көрсеткіш өте төмен, бірақ бағдарламада кей пәндер студенттердің қажеттілігін толық қамтымайтынын көрсетеді.

Білім алушылардың шамамен 77,5%-ы (қанағаттандырады + толық қанағаттандырады) пәндер тізіміне оң баға берген. Бұл оқу бағдарламасының мазмұнының өзектілігі мен қазіргі білім алушылардың сұранысына сай екенін білдіреді. Дегенмен, 22,5%-ы (жартылай немесе мүлдем қанағаттандырмайды) бұл тізімді қайта қарап, жаңарту қажет екенін көрсетіп отыр. Мұндай пікірлер пән мазмұнын жаңарту мен білім беру сапасын жақсарту жолында ескерілуі тиіс.

*Көрсетілген оқу нәтижелерінің қайсысы болашақ мұғалім үшін көбірек қажет?/Какой из перечисленных результатов обучения наиболее необходим будущему учителю?*

1) өзінің эмоционалды интеллектін және қазіргі заманғы көшбасшының негізгі дағдыларын, өз уақытын және өз әлеуетін ұйымдастырудың тиімділігін талдау және бағалау дағдыларын пайдалана отырып, өз қызметін және кәсіби дамуын жоспарлаудың тиімді құралдарын анықтау және таңдау арқылы креативті шешімдер қабылдап өзінің кәсіби қызметін ұйымдастырады/

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті мен экономикалық білімді көрсете отырып, кәсіпкерлік қызметті, бизнес жүргізуді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті дербес ұйымдастыру дағдыларын меңгерген/

3) табиғатты ұтымды пайдалану аспектілерін қолдана отырып, қоршаған ортаның жай-күйін және адамға қауіпті факторлардың әсер ету дәрежесін бағалайды

Кесте 5. Сауалнаманың 18-ші сұрағы бойынша нәтиже

| Жауап түрлері | Frequency | Percent |
|---|---|---|
| 1 | 185 | 75,8 |
| 2 | 46 | 18,9 |
| 3 | 13 | 5,3 |




*Диаграмма 4.* Сауалнаманың 18-ші сұрағы бойынша нәтиже

Сауалнамадағы 18 сұрақ нәтижелері білім алушылардың болашақ мұғалім үшін ең өзекті және маңызды құзіреттілік ретінде креативті шешімдер қабылдау мен кәсіби қызметін тиімді жоспарлау қабілеттерін мойындайтынын көрсетті:

1-жауап нұсқасы – «Креативті шешімдер қабылдап, кәсіби қызметін ұйымдастыру» құзіреттілігі 185 студенттің (75,8%) таңдауы бойынша ең маңызды деп танылды. Бұл болашақ мұғалімнің эмоционалды интеллекті, көшбасшылық қабілеті, уақыт пен әлеуетті тиімді басқару сияқты әмбебап дағдыларға ерекше мән берілетінін дәлелдейді. Студенттер үшін мұндай құзыреттер мұғалімдік кәсіби жетістік пен өзін-өзі дамыту жолында басты фактор ретінде қарастырылады.

2-жауап нұсқасы – «Кәсіпкерлік қызмет пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттерді ұйымдастыру» құзіреттілігі 46 студенттің (18,9%) таңдауы бойынша маңызды. Бұл дағдылар білім саласындағы экономикалық, құқықтық сауаттылықтың қажеттілігін көрсетеді. Бірақ бұл құзірет бірінші нұсқамен салыстырғанда екінші орында тұр.

3-жауап нұсқасы – «Қоршаған ортаның жай-күйін бағалау» құзіреттілігі тек 13 студенттің (5,3%) таңдауы бойынша маңызды деп танылды. Бұл болашақ мұғалім үшін экологиялық сауаттылық маңызды болғанымен, кәсіби әрекетке тікелей әсер ететін құзыреттермен салыстырғанда екінші кезекте қалып отыр.

Білім алушылардың басым бөлігі болашақ мұғалім үшін ең бастысы – креативтілік, өзін-өзі басқару және кәсіби дамуды жоспарлау дағдылары екенін атап өтті. Бұл білім алушылардың қазіргі заман мұғалімінен күтілетін жаңа сапаларды – көшбасшылық, дербестік және жаңашылдықты жоғары бағалайтынын білдіреді.

## 3. ПОҚ құрамының БББ мазмұны туралы хабардар болу және оқыту нәтижелерімен қанағаттану деңгейін анықтау бойынша сауалнама нәтижесін талдау (2024-2025 оқу жылы)

Сонымен қатар БББ мазмұнына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында факульттегі кафедра оқытушылары арасында сауалнама алынды. Қатысушылар сипаттамасы келесі кестеде көрсетілген (кесте 6):

Кесте 6. Сауалнамаға қатысушы ПОҚ мәліметі

| **Кафедра** | **саны** | **%** |
|---|---|---|
| Қазақ филологиясы | 15 | 44,1 |
| Орыс тілі және әдебиеті | 12 | 35,3 |
| Педагогикалық шетел тілдері | 7 | 20,6 |
| | 34 | 100,0 |

*БББ-да берілген оқу нәтижелері сізді қанағаттандырады ма, әлде болашақ мұғалім үшін олар жеткіліксіз деп санайсыз ба?/Удовлетворены ли Вы предоставленными в ОП результатами обучения или же считаете их недостаточными для будущего учителя?*

Кесте 7. 15-ші сұрақ нәтижесі

| **Жауап түрлері** | **Саны** | **%** |
|---|---|---|
| мүлдем қанағаттандырмайды | 0 | 0 |
| аз қанағаттандырады | 2 | 5,9 |
| жартылай қанағаттандырады | 1 | 2,9 |
| қанағаттандырады | 17 | 50,0 |
| толығымен қанағаттандырады | 14 | 41,2 |




*Диаграмма 5.* 15-ші сұрақ нәтижесі

Бұл сұрақ жауаптар нәтижесін талдай келе, мынадай қорытынды жасауға болады:

– 50% оқытушы оқу нәтижелерімен қанағаттанғанын,

– 41.2% толық қанағаттанатынын білдірген.

a) өзінің эмоционалды интеллектін және қазіргі заманғы көшбасшының негізгі дағдыларын, өз уақытын және өз әлеуетін ұйымдастырудың тиімділігін талдау және бағалау дағдыларын пайдалана отырып, өз қызметін және кәсіби дамуын жоспарлаудың тиімді құралдарын анықтау және таңдау арқылы креативті шешімдер қабылдап өзінің кәсіби қызметін ұйымдастырады/

b) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті мен экономикалық білімді көрсете отырып, кәсіпкерлік қызметті, бизнес жүргізуді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті дербес ұйымдастыру дағдыларын меңгерген/

c) табиғатты ұтымды пайдалану аспектілерін қолдана отырып, қоршаған ортаның жай-күйін және адамға қауіпті факторлардың әсер ету дәрежесін бағалайды /

Кесте 9. 17-ші сұрақ нәтижесі

| Жауап түрлері | Frequency | Percent |
|---|---|---|
| A | 32 | 94,1 |
| B | 1 | 2,9 |
| C | 1 | 2,9 |




*Диаграмма 7.* 17-ші сұрақ нәтижесі

17 сұрақ нәтижесін талдауы барысында келесі көрсеткіштерді анықталды:

A нұсқасы — Креативті шешім қабылдау және кәсіби қызметті ұйымдастыру

→ 94.1% оқытушы бұл құзыретті болашақ мұғалім үшін ең маңызды деп таныған. Бұл нәтиже эмоционалды интеллект, көшбасшылық, уақытты тиімді басқару және кәсіби даму құралдарын қолдану секілді дағдылардың заманауи мұғалім үшін өте өзекті екенін көрсетеді.

B нұсқасы — Кәсіпкерлік және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет

→ Тек 1 оқытушы (2.9%) бұл құзыретті маңызды деп таңдаған. Бұл бағыт жалпы білім беруден гөрі қосымша дағды ретінде қарастырылуы мүмкін.

C нұсқасы — Қоршаған ортаны бағалау және қауіпсіздік

→ Тағы 1 оқытушы (2.9%) ғана таңдаған.

Бұл да маңызды болғанымен, мұғалімнің негізгі педагогикалық функцияларымен салыстырғанда екінші деңгейде бағаланған.

Оқытушылардың overwhelming (айқын басым) көпшілігі мұғалімнің креативті ойлау, көшбасшылық қабілет және кәсіби өзін-өзі басқару құзыреттерін дамытуды аса қажет деп санайды. Бұл оқу бағдарламаларын жаңартуда басым бағыт ретінде осы дағдыларды күшейту керектігін көрсетеді.

**4. АК жылдық есебін талқыланып, бекітуге ұсынылды.**

Сонымен қатар, АК жылдық есебін талқылау, бекітуге ұсыну мақсатында алынған көрсеткіштерге талдау жүргізіліп, тиісті басым бағыттарды нақылап, есепті бекітуге

Бұл жалпы алғанда оқытушылардың 91.2%-ы оқу нәтижелерінің болашақ мұғалімдер үшін жеткілікті екенін мойындайтынын көрсетеді. Бұл – оқу бағдарламасы мазмұны мен нәтижелері білім беру мақсаттарына сай деген оң пікірдің басым екенін білдіреді.

Сыни көзқарас:

– 5.9% оқытушы "аз қанағаттандырады",

– 2.9% "жартылай қанағаттандырады" деп жауап берген.

Бұл азшылық үлес бағдарламаның кейбір тұстарын қайта қарауды немесе жаңғыртуды ұсынуы мүмкін.

Оқытушылардың басым бөлігі оқу нәтижелерін болашақ мұғалімнің кәсіби дамуына жеткілікті деп бағалап отыр. Дегенмен, аз мөлшердегі сыни пікірлер оқу нәтижелерінің кейбір бағыттарын (мысалы, практикалық машықтар немесе заманауи құзыреттер) жетілдіру қажеттігін меңзеуі мүмкін.

*БББ-да көрсетілген пәндер тізімі сізді қанағаттандыра ма?/ Удовлетворены ли Вы перечнем дисциплин, указанных в ОП?*

Кесте 8. 16-шы сұрақ нәтижесі

| Жауап түрі | Frequency | Percent |
|---|---|---|
| мүлдем қанағаттандырмайды | 1 | 2,9 |
| жартылай қанағаттандырады | 1 | 2,9 |
| қанағаттандырады | 2 | 5,9 |
| толығымен қанағаттандырады | 18 | 52,9 |




*Диаграмма 6.* 16-шы сұрақ нәтижесі

Қарастырылған сұрақ нәтижесінің талдауы келесі көрсеткіштерді көрсетті:

Жоғары қанағаттану деңгейі:

– 52.9% оқытушы пәндер тізіміне толығымен қанағаттанатынын,

– 5.9% жай ғана қанағаттанатынын білдірген.

Бұл жалпы 58.8% оқытушының пәндер тізімі бойынша оң көзқараста екенін көрсетеді.

Сыни пікірлер:

– 2.9% оқытушы пәндер тізіміне мүлдем қанағаттанбайды,

– Тағы 2.9% оқытушы жартылай қанағаттанады деп көрсеткен.

Яғни, 5.8% оқытушы пәндер тізімін жетілдіру қажет деп есептейді.

Көпшілік оқытушылар пәндер тізімінің мазмұнын қолдайды және оны болашақ мұғалімді даярлауда тиімді деп санайды. Сонымен қатар, кейбір оқытушылардың пікірін ескеріп, пәндер тізімін жаңарту, кейбір пәндердің мазмұнын тереңдету немесе жаңа элективті курстар енгізу сияқты қадамдарды қарастыру орынды болуы мүмкін.

*Көрсетілген оқу нәтижелерінің қайсысы болашақ мұғалім үшін көбірек қажет?/Какой из перечисленных результатов обучения наиболее необходим будущему учителю?*

ұсынамыз. Атқарылған іс-шараларға сараптамалық баға берілді. Осыған орай комитет мүшелері тарапынан қолдау тауып, бекітуге ұсынылды.

## АК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ЖАҚСАРТУ ҰСЫНЫСТАРЫ:

1. ББның сапасына байланысты мониторинг жұмыстарын күшейту.
2. Барлық стейкхолдерлерді ұйымдастырып кездесулер өткізу.
3. ББ оқу нәтижелерін қайта қарастыру және нақтылау.

Академиялық комитеттің № 4 мәжілісінде 19 06 2025ж. талқыланып, бекітуге ұсынылды

АК төрағасы ______________________________А.С.Даулетова